

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 сәуірдегі N 324 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат):

4-бап мынадай мазмұндағы төртінші тармақпен толықтырылсын:

"4. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мыналар жатады:

жеке кәсіпкерлік субъектілері;
микробизнес (кәсіпкерлік) субъектілері;
шағын кәсіпкерлік субъектілері;
орта кәсіпкерлік субъектілері;
ірі бизнес (кәсіпкерлік) субъектілері.

Қызметкерлердің орташа жылдық саны 10 адамға дейін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар микробизнес субъектілері болып табылады. Микробизнес субъектілері шағын кәсіпкерліктің құрамына кіреді.

Қызметкерлердің орташа жылдық саны 51-ден 250 адамға дейін және активтердің жалпы құны бір жыл ішінде үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Шағын және жеке кәсіпкерліктің жекелеген мәселелері заң актілерімен реттеледі.

2. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 150 - құжат) :

1) 1-баптың төртінші абзацындағы ", бильярд" деген сөз алынып тасталсын;

2) 3 - б а п т а :

4-тармақтағы "және мердігерлік шарттары" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мыналарды жүзеге асыратын ұйымдар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып т а н ы л м а й д ы :

есірткі, психотроптық құралдар мен прекурсорлардың айналымымен байланысты қ ы з м е т т і ;

акцизделетін өнімдер өндірісін және (немесе) көтере сатуды (алтыннан, платинадан, күмістен жасалған зергерлік бұйымдар өндірісінен басқа);

ойын және шоу-бизнес саласындағы қызметті;

өнімдерді, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді, процестерді, сапа жүйесін сертификаттау бойынша қызметтер көрсетумен (сертификаттау жөніндегі органдар) және сертификаттық сынақтар жүргізумен (сынақ зертханалары, орталықтары)

б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т т і ;

банктік қызметті және сақтандыру рыногындағы (сақтандыру агентінің қызметінен б а с қ а) қ ы з м е т т і ;

бағалы қағаздар рыногындағы кәсіптік қызметті.";

3) 5 - б а п т а :

т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеудің" деген сөздерден кейін " және заңды тұлға болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектілерін таратудың" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"олардың өнімдерін сертификаттаудың" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік органдардың тексеру жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеуі.";

4) 7 - б а п т а :

1-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары жол беретін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін реттейтін заңнаманы бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін хабар етеді.";

2 - т а р м а қ т а :

2) т а р м а қ ш а д а :

үшінші абзацтағы "бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады" деген сөздер "бағдарламаларды қамтамасыз етеді және олардың сапалы іске асырылуы мен орындалуына жауап береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "дамытуды жүзеге асырады" деген сөздер "қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органына жергілікті жерлерде бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы есептер және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметімен байланысты басқа да ақпаратты ұсынады.";

5) 9-баптың 7-тармағындағы "коммуналдық" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

6) 1 5 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі қазақ тіліндегі мәтінінде жетінші абзацтағы "қатысуға" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын :

"қызметінің ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін сараптау кеңестері туралы үлгі ережелермен айқындалатын орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту мәселелері жөніндегі сараптау кеңестерінің жұмысына қатысуға".

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті